

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру кезінде отын босату нормалары, тұрғын-үй коммуналдық қызметтерін және байланыс қызметтерін тұтыну туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 тамыздағы N 1266 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

"Азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беруді ретке келтіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 2 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру кезінде босату (тұтыну) нормалары мынадай мөлшерде:

тамақ дайындауға, шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждарға арнап су жылытуға арналған газ - 1-қосымшаға сәйкес;

жылытуға арналған қатты, сұйық отын және газ - 2-қосымшаға сәйкес;

суық және ыстық су, пайдаланылған суларды ағызу - 3-қосымшаға сәйкес;

орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған тұрғын үйлерді жылытуға арналған жылу ағыны - 4-қосымшаға сәйкес;

электр қуатын - жеңілдіктерді пайдалануға құқығы бар бір азаматқа айына 45 квт.сағат, ал электр плиталармен жабдықталған үйлерде тұратындарға - 70 квт. сағат мөлшерінде белгіленсін.

2. Айына 150 минут мөлшерінде сөйлесудің уақытын есептеуге ауыстырылған абоненттер бойынша телефонды пайдалану уақытының жеңілдетілген нормалары тағайындалсын (қалааралық және халықаралық с ө й л е с у л е р д е н б а с қ а) .

3. 5-қосымшаға сәйкес шартты отынды қатты, сұйық отынға және газға аударудың коэффициенті тағайындалсын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі 1997 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде түрлі үлгідегі үйлерді және температуралық аймақтарды жылытуға арналған жылу ағындарын (Вт) орташа қажеттілікті есептеудің әдістемесін, сондай-ақ жылу ағындарының өлшем бірлігін (Вт) жылу қуатының өлшем бірлігіне (Гкал) көшіру әдістемесін әзірлесін ж ә н е б е к і т с і н .

5. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі жасаған әдістеме негізінде 1997 жылдың 1 қазанына дейін жеңілдіктер беру үшін жылу қуатын (Гкал-да) тұтыну нормаларын бекітсін;

тұрғын үйлерді ұстауға арналған шығындар бойынша жеңілдіктер немесе ақшалай төлем түріндегі жеңілдіктер беру кезінде ескерілетін және тұрғын үй қорының тозу дәрежесін есептей отырып, бірақ бәсеке рыногында қалыптасқандағыдан жоғары емес, бекітілген жұмыс түрлері бойынша тарифтер шегіндегі жұмыстардың тізбесін бекітсін;

лифтімен қызмет көрсетулерге және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруға ақы төлеу бойынша жеңілдіктер, қолданылып жүрген тарифтердің бекітілген тәртіптерімен берілсін.

6. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бұған құқығы бар азаматтардың жекелеген санаттарына тұрғын үй-коммуналдық қызметтер мен қатты, сұйық отындар бойынша жеңілдіктер немесе ақшалай төлемдер түріндегі жеңілдіктер беру белгіленген босату (тұтыну) нормаларын ескере отырып және тұрғын үй заңдарымен тағайындалған, бір адамға арналып мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй берудің баламдық нормасындағы тұрғын үй нормасы шегінде, егер қолданылып жүрген заңдарда өзгеше көзделмесе, бірақ нақтылы орналасқан пайдалы алаңнан артық емес және қызметтерді нақтылы пайдалану шегінде б е р і л с і н .

Коммуналдық қызметтерді және байланыс қызметтерін тұтынуды есептейтін құралдарды орнатқанға дейін оларды төлеу бойынша жеңілдіктер беру қолданылып жүрген заңдарда айқындалған тарифтер мен мөлшерде, белгіленген тәртіппен жүргізілсін. Егер тарифтерді есептеу кезінде қабылданған коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары осы қаулымен бекітілгеннен жоғары немесе төмен болса, жеңілдіктерге құқығы бар азаматтардың жекелеген санаттарына қосымша өтемақылар немесе шегеріп есептеулер жүргізілмейді.

7

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2001.01.31. N 161 қаулысымен .

8. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақ ССР-інде халықты отынмен жабдықтау тәртібі туралы ережені және Халыққа отын босатудың бірыңғай нормаларын бекіту туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1987 жылғы 9 қыркүйектегі N 414 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1987 ж., N 22, 91-құжат);

"Халыққа жеңілдікті жағдайда газ жіберу нормалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қаңтардағы N 59 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 4, 20-құжат).

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 19 тамыздағы

№ 1266 қаулысына

1-қосымша

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеңілдіктерге құқығы бар азаматтардың жекелеген санаттарына тамақ даярлауға, шаруашылық-тұрмыстық қажеттері үшін су жылытуға арналған газды босатудың нормалары

	Табиғи газ (текше.м.)	Сұйытылған газ (кг)
Тамақ даярлауға, шаруашылық-тұрмыстық қажеттер үшін су жылыту үшін газды босатудың айына 1 адамға арналған жылдық орташа нормалары		
газ плиталары мен орталық ыстық сумен жабдықтау бар болған жағдайда*	10	4,8
газ плиталары бар, орталық ыстық сумен жабдықтау және газбен су жылыту болмаған жағдайда*		8,2
газ плиталары, газбен су жылыту бар және орталық ыстық сумен жабдықтау болмаған жағдайда		13,7
моншада қосымша газбен су жылыту (жану ошағы) бар болған жағдайда	8,5	

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 19 тамыздағы

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеңілдіктерге құқығы бар азаматтардың жекелеген санаттарына 1 ш.м. пайдалы алаңды жылытуға жеңілдік берілген жағдайда қатты, сұйық отынды және газды босату нормалары

Облыстардың атаулары	1 ш.м. арналған шартты отынның килограммы
А қ м о л а	78
А қ т ө б е	75
Алматы	60,5
А т ы р а у	67
Шығыс Қазақстан	77,9
Ж а м б ы л	55,3
Батыс Қазақстан	72,8
Қ а р а ғ а н д ы	75,1
Қ ы з ы л о р д а	66,8
Қ о с т а н а й	78
М а ң ғ ы с т а у	53,7
Павлодар	78
Солтүстік Қазақстан	78,8
Оңтүстік Қазақстан	50,8

Алматы қаласы	60,5
---------------	------

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1997 жылғы 19 тамыздағы
 N 1266 қаулысына
 3-қосымша

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеңілдіктерге құқығы бар азаматтардың жекелеген санаттарына суық және ыстық суларды, пайдаланылған суларды жіберуді тұтыну нормалары

I. Суық және ыстық суларды тұтыну нормалары

N р/с	Пәтерлердің үлгілері	Тәулігіне 1 адамға арналған пайдалану нормасы, литр	
		суық су	ыстық су
1	2	3	4
	1 Пәтер үлгісіндегі тұрғын үйлер: - су құбырымен және канализациямен, ваннасыз		95
	- газбен жабдықталған		120
	- су құбырымен, канализациямен және қатты отынмен жұмыс істейтін, жылытқыш ванналары бар		150
	- су құбырымен, канализациямен және газбен жылытылатын ванналары бар		190
	- тез жылытатын газды жылытқыштармен және көп		

жабдықталған	- орталықтандырылған сумен, қол жуғыштар және бүрікпелермен	ыстық ыдыс бүрікпелермен	110	85
	- бүрікпелермен отыратын ванналармен	жабдықталған,	140	90
дейінгі ванналармен	- бүрікпелермен ұзындығы 1500-ден	жабдықталған, 1700 мм	145	105
жоғары	- орталықтандырылған сумен жабдықталған және тұрмысқа қолайландыруды қажет ететін биіктігі 12	барынша қабаттан	170	115
2. су тарату құрылыс салу		колонкаларынан аудандары		
үйлерінің суды пайдалануы				50

II. Пайдаланылған суларды жіберу нормалары

Пайдаланылған суларды жіберу нормалары тәулігіне 1 адамға арналған суық және ыстық суларды пайдалану нормаларының жиынтығымен, су құбырларымен жабдықталған үйлер бойынша айқындалады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1997 жылғы 19 тамыздағы

№ 1266 қаулысына

4-қосымша

Жалпы алаңы 90 Вт 1ш.м. үшін тұрғын үй ғимараттарын жылытуға арналған жылу ағынын пайдалану нормалары

Тұрғын үй |Ғимараттар|то С жылытуды жоспарлауға арналған сыртқы

құрылыс. тарының қабаттылығы	дың тамасы	сипат. ауаның есепті температурасы									
		-5 -10 -15 -20 -25 -30 -35 -40 -45									

		1985 жылға дейін салынған құрылыстар үшін									
1-2	Энергияны	148	154	160	205	213	230	234	237	242	
3-4	үнемдеу	95	102	109	117	126	134	144	150	160	
5 және одан жоғары	жөніндегі шараларды есепке алмағанда	65	70	77	79	86	88	98	102	109	

1-2	Энергияны	147	153	160	194	201	218	222	225	230	
3-4	үнемдеу	90	97	103	111	119	128	137	140	152	
5 және одан жоғары	жөніндегі шараларды есептегенде	65	69	73	75	82	88	92	96	103	

		1985 жылдан кейін салынған құрылыстар үшін									
1-2	Жаңа	145	152	159	166	173	177	180	187	194	
3-4	үлгідегі	74	80	86	91	97	101	103	109	116	
5 және одан жоғары	жобалар бойынша	65	67	70	73	81	87	87	95	100	

Тұрғын үй құрылыс. тарының қабаттылығы	Ғимараттар. дың тамасы	то С жылытуды жоспарлауға арналған сыртқы сипат. ауаның есепті температурасы	
		-50 -55	

		1985 жылға дейін салынған құрылыстар үшін	
1-2	Энергияны	255	271
3-4	үнемдеу	169	179
5 және одан жоғары	жөніндегі	115	122

одан жоғары		шараларды есепке алмағанда	
1-2	Энергияны	242	257
3-4	үнемдеу	160	171
5 және одан жоғары	шараларды есептегенде	109	116
1985 жылдан кейін салынған құрылыстар үшін			
1-2	Жаңа	200	208
3-4	үлгідегі	123	130
5 және одан жоғары	бойынша	102	108
жобалар			

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1997 жылғы 19 тамыздағы
 N 1266 қаулысына
 5-қосымша

Қатты отынды табиғи отынға қайта есептегендегі коэффициенттер

1. Табиғи газдың - 1.17
2. Пеш отынының - 1.57
3. Мазуттың - 1.37
4. Көмір - көмір кен орындары бойынша (бассейндер бойынша)

N	Таңбасы, технологиялық тобы	Көмір кен орнының немесе бассейнінің атауы	Шартты отынды қайта есептеу коэффициенті
1	КР	Қарағанды	0,61
2	КОКОМ	Қарағанды	0,86
3	КСШ	Қарағанды	0,64
4	ДР	Шұбаркөл	0,73

5	КСНР	Екібастұз	0,59
6	БЗ	Майкөбең	0,54
7	КР	Қушоқы	0,61
8	КР	Борлы	0,51
9	Б2	Мамыт	0,5
10	ДР	Қаражыра	0,6
11	БЗ	Ойқарағай	0,51
12	БЗ	Алакөл	0,5
13	Б2	Приозерное	0,45
14	БЗ	Кендірлі	0,58
15	Д	Таскөмірсай	0,59

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК